

## Мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтерді мониторингтеу және қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 31 мамырдағы № 278 бұйрығы

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 01.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 47-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтерді мониторингтеу және қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

M. Такиев

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
2025 жылғы 31 мамырдағы  
№ 278 Бұйрығына  
бекітілген

**Мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтерді мониторингтеу және қалыптастыру қағидалары**

**1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Осы Мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтерді мониторингтеу және қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 47-бабы З-тармағына сәйкес өзірленді және мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтерді мониторингтеу және қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларды өзірлеудің мақсаты мемлекеттік қаржыны тиімді басқару үшін ақпараттық базаны қалыптастыру болып табылады.

## **2-тaraу. Мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтерді мониторингтеу тәртібі**

3. Мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтерді мониторингтеу:  
респубикалық, мемлекеттік, шоғырландырылған бюджеттердің параметрлері;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының, бюджеттен тыс қорлардың түсімдері мен шығыстары;

мемлекеттік сектордың борыштық міндеттемелері;  
бюджеттік қағидалар мен нысаналы бағдарларды сактау туралы ақпарат жинау.

4. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидалардың 6, 7, 8, 9 және 10-тармақтарын ескере отырып, осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес жыл сайын мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтерді мониторингтеу туралы мәліметтерді қалыптастырады.

5. Мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтерді мониторингтеу нәтижелері :

бюджетті жоспарлау процесінде қолданылады;

қогамдық кеңестердің отырыстарында, Қазақстан Республикасының Парламентінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне және квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бюджет қаражатын бөлу туралы мәселелерді талқылау кезінде талқыланады және респубикалық бюджет туралы заң жобасымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылатын құжаттар мен материалдардың құрамына енгізіледі;

тиісті бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есептің құрамына енгізіледі.

## **3-тaraу. Мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтерді қалыптастыру тәртібі**

6. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидаларға қосымшада ұсынылған көрсеткіштер бойынша Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес респубикалық, мемлекеттік, шоғырландырылған бюджет бойынша қаржы жылына арналған болжамды деректерді толтырады.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры бойынша есепке алу және есептілік саласындағы үйлестіру және әдіснамалық басшылық пен қаржы секторы мәселелері

бойынша өзара іс-қимыл функцияларына және міндеттеріне кіретін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры бойынша деректерді тоғыз ай бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалану туралы есепке сәйкес қалыптастырады.

8. Мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу және борыш бойынша статистикалық есептілікті жинау, өндеу және ұсыну функцияларына кіретін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 28 ақпанына дейін мемлекеттің борыштық міндеттемелері және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қарыздары бойынша деректерді қалыптастырады.

9. Тиісті республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшілері есепті жылдан кейінгі 10 наурыздан кешіктірмей бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры бойынша деректерді ұсынады.

10. Бюджет кодексінің 118-бабына сәйкес бюджетті атқаруы жөніндегі уәкілетті орган бекіткен Бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларына сәйкес мемлекеттік қазынашылық мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсімдер және жәбірленушілерге жүргізілген өтемақы төлемдері туралы есепті, Арнаулы мемлекеттік қорының түсімдері мен шығыстары туралы есепті ұсынады.

11. Нысаналы бағдарлар Бюджет кодексінің 47-бабының 1-тармағының ұшінші бөлігіне сәйкес бюджет саясаты жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейтін құжатпен айқындалады.

Мемлекеттік қаржының  
жай-күйі туралы мәліметтерді  
мониторингтеу және  
қалыптастыру қағидаларына  
қосымша

### **Мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтерді мониторингтеу**

Есепті кезең: 20 жылғы \_\_\_\_\_

Кезенділік: жыл сайын

№	Көрсеткіштердің атауы	Қаржы жылына арналған болжам	Қаржы жылына арналған атқарылу	Ауытқу (пайыздық мәнде)	Ескертпе
		1	2	3	4
Мемлекеттік бюджет					
1	Түсім				
2	Кірістер (трансфертерді есепке алмағанда)				

3	Салық түсімдері				
4	Салықтық емес түсімдер				
5	Капиталмен жасалатын операциялардан түсетін түсім				
6	Арнаулы түсімдер				
7	Трансфертер түсімі				
8	Қазақстан Республикасын ың Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансфер				
9	Қазақстан Республикасын ың Ұлттық қордан нысаналы трансфер				
10	Арнаулы мемлекеттік қордан түсетін трансфер				
11	Бюджеттік кредиттерді өтеу				
12	Шығыстар				
13	Тапшылық/ профицит				
14	Мұнайға қатысты емес тапшылық/ профицит				
Респубикалық бюджет					
15	Түсім				
16	Кірістер (трансфертерді есепке алмағанда)				
17	Салық түсімдері				
18	Салықтық емес түсімдер				
19	Капиталмен жасалатын операциялардан түсетін түсім				

20	Арнаулы түсімдер				
21	Трансфертер түсімі				
22	Қазақстан Республикасын ың Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт				
23	Қазақстан Республикасы Ұлттық қордан нысаналы трансферт				
24	бюджетке алу				
25	Арнаулы мемлекеттік қордан түсетін трансферт				
26	Бюджеттік кредиттерді өтеу				
27	Шығыстар				
28	Тапшылық/ профицит				
29	Мұнайға қатысты емес тапшылық/ профицит				

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры\*

30	Түсімдер				
31	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсім				
32	Қазақстан Республикасын ың Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кірістер				
33	Республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер				
34	Пайдалану				

35	Қазақстан Республикасын ың Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт				
36	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт				
37	Нысаналы талаптарды төлеуге арналған шығыстар, АҚШ доллары**				
38	Ұлттық қорды басқаруға және жыл сайынғы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу				
39	Қазақстан Республикасын ың Ұлттық қорында қаражаттың таза жинақталуы**				
40	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының есепті кезеңнің соңындағы таза қаражаты**				
41	Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл соңындағы таза валюталық активтері**				
Әлеуметтік медициналық сактандыру қоры*					
42	Тұсімдер				
43	Есептелген инвестициялық кіріс				

44	Жұмыс берушілердің аударымдары				
45	Мемлекет жарналары				
46	Мемлекеттің жарналарын қоспағанда міндепті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналары				
47	Аударымдарды және (немесе) жарналарды төлеуді кешіктіргені үшін алынган есімпұлдар				
48	Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне міндепті әлеуметтік медициналық көмек көрсету бойынша денсаулық сактау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу				
49	Шығыстар				
50	Міндепті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтерге ақы төлеу				
51	К о р активтерінен				

	комиссиялық сыйақы				
52	Күтпеген шығыстарды жабуға арналған резервті қамтамасыз етуге арналған сома				
53	Баланс				
Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры*					
54	Тұсімдер				
55	Қорды басқарудан түсін инвестициялық кіріс				
56	Әлеуметтік аударымдар				
57	Активтерді сенімгерлік басқарудан алу				
58	Шығыстар				
59	Әлеуметтік төлемдер				
60	Қызметті қамтамасыз етуге аударылған комиссиялық сыйақы				
61	Баланс				
Жәбірленушілерге өтемақы қоры					
62	Тұсімдер				
63	Шығыстар				
64	Баланс				
Арнаулы мемлекеттік қоры					
65	Тұсімдер				
66	Шығыстар				
67	Баланс				
Шоғырландырылған бюджет					
68	Тұсімдер				
69	Мұнайға қатысты				
70	Мұнайға қатысты емес				
71	Шығыстар				

72	Шоғырландырылған баланс				
73	Мұнайға қатысты емес баланс				
Мемлекеттің борыштық міндеттемелері					
74	Мемлекеттік борыш				
75	Үкіметтің борышы				
76	Ішкі				
77	Сыртқы				
78	Жергілікті атқаруши органдардың борышы				
79	Мемлекет кепілдік берген қарыз				
80	Экспортты қолдау жөніндегі мемлекет кепілдік берген міндеттемелер				
81	Мемлекеттік кепілгерлігі				
82	Мемлекеттік-же кешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер				
83	Жергілікті атқаруши органдардың мемлекеттік-жек ешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелер				
Квазимемлекеттік сектор субъектілер					
84	Алынған сыртқы қарыздар				

Отелмеген

	сиртқы қарыздар				
Бюджеттік қағидалар көрсеткіштері					
86	Мұнайдың кесімді бағасы, баррель үшін АҚШ доллары				
87	Қазақстан Республикасы Ұлттық қордан кеңілдендірілген трансфертің барынша ықтимал мөлшері				
88	Респубикалық бюджет шығыстарының өсу қарқыны бойынша шек				

Ескертпе:

\* - жедел деректер;

\*\* - қаржы жылындағы орындау жөніндегі деректер үш тоқсан бойынша келтірілген, себебі Бюджет кодексінің 64-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалану туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры аудитінің нәтижелерін қоса алғанда, жыл сайын есепті қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 мамырына дейін жасайды;

х - қаржы жылына арналған болжам бойынша деректер жоспарланбаған.

Нысанды толтыру бойынша түсініктеме "Мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтерді мониторингтеу" нысанға қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

"Мемлекеттік қаржының  
жай-күйі туралы мәліметтерді  
мониторингтеу" нысанына  
қосымша

**"Мемлекеттік қаржының жай-күйі туралы мәліметтерді мониторингтеу" нысанын толтыру  
бойынша түсіндірме (жыл сайын)**

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. "Мемлекеттік бюджет" деген жолы бойынша:

1 "Түсімдер" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес мемлекеттік бюджет түсімдерінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есептерге сәйкес мемлекеттік бюджетке нақты түсімдердің сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы айырма пайыздық мәнде көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

2 "Кірістер (трансфертерді есепке алмағанда)" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес мемлекеттік бюджет кірістерінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес мемлекеттік бюджетке нақты кірістің сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

3 "Салық түсімдері" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес мемлекеттік бюджетке салық түсімінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес мемлекеттік бюджетке нақты салық түсімінің сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

4 "Салықтық емес түсімдер" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес мемлекеттік бюджетке салықтық емес түсімнің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес мемлекеттік бюджетке нақты салықтық емес түсімнің сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

5 "Капиталмен жасалатын операциялардан түсетін түсім" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес мемлекеттік бюджетке капиталмен жасалатын операциялардан түсетін түсімдердің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес мемлекеттік бюджетке капиталмен жасалатын операциялардан нақты түсім сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

6 "Арнаулы түсімдер" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес арнаулы түсімдерінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есептерге сәйкес нақты арнаулы түсімдердің сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы айырма пайыздық мәнде көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

7 "Трансферттер түсімі" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес мемлекеттік бюджетке трансфертер түсімінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес мемлекеттік бюджетке трансфертердің нақты тусу сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

8 "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан мемлекеттік бюджетке кепілдендірілген трансферттің түсуінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан мемлекеттік бюджетке кепілдендірілген трансферттің нақты тусу сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

9 "Қазақстан Республикасының Ұлттық қордан нысаналы трансферт" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан мемлекеттік бюджетке нысаналы трансферттің түсуінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан мемлекеттік бюджетке нысаналы трансферттің нақты тусу сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

10 "Арнаулы мемлекеттік қордан түсेतін трансферт" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес мемлекеттік бюджетке Арнаулы мемлекеттік қордан түсेतін трансферттің түсуінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес мемлекеттік бюджетке Арнаулы мемлекеттік қордан түсेतін трансферттің нақты түсу сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

11 "Бюджеттік кредиттерді өтеу" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес мемлекеттік бюджетке бюджеттік кредиттерді өтеу түсімінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес мемлекеттік бюджетке бюджеттік кредиттерді өтеудің нақты түсімінің сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

12 "Шығыстар" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес мемлекеттік бюджет шығыстарының болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес мемлекеттік бюджеттің нақты шығысының сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

13 "Тапшылық/профицит" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес мемлекеттік бюджет түсімінің болжамды сомасы мен мемлекеттік бюджет шығыстарының болжамды сомасы арасындағы айырма көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес мемлекеттік бюджеттің нақты түсімдері сомасы мен мемлекеттік бюджеттің нақты шығысының сомасы арасындағы айырма көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

14 "Мұнайға қатысты емес тапшылық/профицит" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес мемлекеттік бюджет шығыстарының болжамды сомасы мен мемлекеттік бюджет түсімінің болжамды сомасы арасындағы айырма көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында қарыздарды өтеуді қоспағанда, қарыздар түсімдерін, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан трансфертер түсімдерін және шикі мұнайға әкету кедендік бажын және мемлекеттік бюджет шығыстарын қоспағанда, мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер арасындағы айырма көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі.

2. "Республикалық бюджет" деген жолы бойынша:

15 "Түсім" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес республикалық бюджет түсімдерінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес республикалық бюджетке нақты түсім сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

16 "Кірістер (трансфертерді есепке алмағанда)" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес республикалық бюджет кірістерінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес республикалық бюджетке нақты кірістің сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

17 "Салық түсімдері" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес республикалық бюджетке салық түсімінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес республикалық бюджетке нақты салық түсімінің сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

18 "Салықтық емес түсімдер" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес республикалық бюджетке салықтық емес түсімнің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес республикалық бюджетке нақты салықтық емес түсімнің сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

19 "Капиталмен жасалатын операциялардан түсетін түсім" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес республикалық бюджетке капиталмен жасалатын операциялардан түсетін түсімдердің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес республикалық бюджетке капиталмен жасалатын операциялардан түсетін нақты түсім сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

20 "Арнаулы түсімдер" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес республикалық бюджетке арнаулы түсімінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес республикалық бюджетке нақты арнаулы тұсу сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

21 "Трансфертер түсімі" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес республикалық бюджетке трансфертер түсімінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес республикалық бюджетке трансфертердің нақты тұсу сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

22 "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің тұсуінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің нақты тұсу сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

23 "Қазақстан Республикасы Ұлттық кордан нысаналы трансферт" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке нысаналы трансферттің тұсуінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан республикалық бюджетке нысаналы трансферттің нақты тұсу сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

24 "Бюджетке алу" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес республикалық бюджетке бюджеттік алып қоюдың болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес республикалық бюджетке нақты бюджеттік алып қою сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

25 "Арнаулы мемлекеттік қордан түсетін трансферт" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес республикалық бюджетке Арнаулы мемлекеттік қордан түсетін трансферттің түсуінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес республикалық бюджетке Арнаулы мемлекеттік қордан түсетін трансферттің нақты түсу сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

26 "Бюджеттік кредиттерді өтеу" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес республикалық бюджетке бюджеттік кредиттерді өтеу түсімінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес республикалық бюджетке бюджеттік кредиттердің нақты түсу өтеу сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

27 "Шығыстар" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес республикалық бюджет шығыстарының болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджет бюджеттінің атқарылуы туралы есептерге сәйкес республикалық бюджеттің нақты шығысының сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

28 "Тапшылық/профицит" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында республикалық бюджет түсімінің болжамды сомасы мен Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес республикалық бюджет шығыстарының болжамды сомасы арасындағы айырма көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында мемлекеттік бюджеттің атқарылуы туралы есепке сәйкес Республикалық бюджеттің нақты түсімі сомасы мен республикалық бюджеттің нақты шығысының сомасы арасындағы айырма көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

29 "Мұнайға қатысты емес тапшылық/профицит" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес мемлекеттік бюджет шығыстарының болжамды сомасы мен мемлекеттік бюджет түсімінің болжамды сомасы арасындағы айырма көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында қарыздарды өтеуді қоспағанда, қарыздар түсімдерін, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан трансфертер түсімдерін және шикі мұнайға әкетілетін кедендік баж салығын және мемлекеттік бюджет шығыстарын қоспағанда, республикалық бюджетке түсетін түсімдер арасындағы айырма көрсетіледі.

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі.

3. "Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры" деген жолы бойынша:

30 "Түсім" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдерінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының нақты түскен сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

31 "Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсім" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес мұнай секторы ұйымдарынан Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдердің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептеріне сәйкес мұнай секторы ұйымдарынан Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына нақты түсім сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

32 "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кірістер" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық кіріс түсімдерінің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқарудан түсетін инвестициялық табыстың нақты тұсу сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

33 "Республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдердің болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептеріне сәйкес республикалық меншікті жекешелендіруден Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына нақты түсетін сома көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

34 "Пайдалану" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шығыстарының болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының нақты шығыстарының сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

35 "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферт шығыстарының болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферттің нақты шығысының сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

36 "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт" деген жол бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферт шығыстарының болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферттің нақты шығысының сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

37 "Нысаналы талаптарды төлеуге арналған шығыстар, АҚШ доллары" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық

қорының нысаналы талаптарын төлеуге арналған шығыстардың болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының нысаналы талаптарын төлеуге арналған нақты шығын сомасы үш тоқсан бойынша көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

38 "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорды басқаруға және жыл сайынғы аудит жүргізуге байланысты шығыстарды жабу" деген жолы бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқаруға жыл сайынғы аудит жүргізуге байланысты шығыстарды жабудың болжамды сомасы көрсетіледі;

"Қаржы жылына арналған атқарылу" деген бағанында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқаруға және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептеріне сәйкес жыл сайынғы аудит жүргізуге байланысты шығыстарды нақты жабу сомасы көрсетіледі;

"Ауытқу (пайыздық мәнде)" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандарының арасындағы пайыздық мәндегі айырма көрсетіледі;

"Ескертпе" деген бағанында "қаржы жылына арналған атқарылу" және "қаржы жылына арналған болжам" деген бағандары арасындағы ауытқулар анықталған жағдайда себеп көрсетіледі;

39 "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында қаражаттың таза жинақтары" деген жол бойынша:

"Қаржы жылына арналған болжам" деген бағанында Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында қаражаттың таза жинақталуының болжамды сомасы көрсетіледі;

